

Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2006 жылғы 3 ақпандағы № 1525 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Глубокое аудандық Әділет басқармасында 2006 жылғы 1 наурызда № 5-9-24 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 2024 жылғы 26 тамыздағы № 389 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Глубокое аудандық әкімдігінің 26.08.2024 № 389 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жыл 23 қаңтардағы № 148-ІІ Заңының 31 - бап, 14, 17) тармақшаларына сәйкес, ауданның саяси және мәдени, әлеуметтік - экономикалық өміріне әйелдердің қатысуын кеңейтіп, жағдай жасауды қамтамасыз ету, отбасылардың мүдделерін қорғау мақсатында, Глубокое аудандық әкімдік ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия құрылсын (қосымша).
2. Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия туралы Ереже бекітілсін.
3. Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссияның дербес құрамы енгізілсін.
4. "Глубокое ауданының әкімі жанындағы отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия туралы" 2001 жыл 18 шілдедегі № 390-р екімінің күші жойылған дел есептелсін.
5. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары М.Я. Пекурге жүктелсін.

Глубокое ауданының әкімі

С. Плотников

Глубокое ауданының
2006 ж. 03 № 1525
қаулысына қосымша

Отбасы және әйелдер істері жөніндегі аудандық комиссия туралы

1. Пекур Мария Яковлевна -Глубокое ауданы әкімінің орынбасары, комиссия төрайымы

2. Асильбаева Фарида Ильтаевна - "Глубокое ауданының ішкі саясат бөлімі" ММ басшысы, комиссия төрайымының орынбасары

3. Алдунгарова Назира Мухамәткалиевна - "Глубокое ауданының ішкі саясат бөлімі" ММ бас маман, комиссия хатшысы

КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІ:

1. Светочева Любовь Леонидовна - Глубокое ауданы бойынша облыстық денсаулық сақтау Департаментінің уйлестіруші - басмаманы (келісім бойынша)

2. Грохотова Наталья Михайловна - "Глубокое ауданының орталық тандырылған кітапхана жүйесі" ММ басшысы

3. Гладышева Анна Яковлевна - "Балалар шығармашылық үйі" КМҚК директоры (келісім бойынша)

4. Влезько Оксана Петровна - "Глубокое музыка мектебі" КМҚК директоры (келісім бойынша)

5. Адильбаева Роза Касиевна - "Глубокое ауданының әділет басқармасы" ММ бастығы (келісім бойынша)

6. Сарычева Ксанна Александровна - "Глубокое аудандық бос уақытты өткізу орталығы" КМҚК көркемдік жетекшісі (келісім бойынша)

7. Немченко Ирина Дмитриевна - "Огни Прииртышья" аудандық газетінің редакторы (келісім бойынша)

8. Майорова Зинаида Васильевна - "Луч" шаруа қожалығының басшысы (келісім бойынша)

9. Саенко Нина Михайловна - "Глубокое ауданының білім беру бөлімі" ММ жетекші маман (келісім бойынша)

10. Пономарева Маргарита Николаевна - "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" ММ басышы

11. Болгова Ольга Ивановна - "Қазақстан Халық Банкі" Глубокое аудандық АҚ филиалының басқарушысы (келісім бойынша)

12. Берестова Галина Владимировна - "Отан" РСП Глубокое аудандық әкімдігі төрайымының бірінші орынбасары (келісім бойынша)

13. Бабина Елена Ивановна - Черемшанка мәдениет үйінің директоры (келісім бойынша)

14. Логинова Лариса Сергеевна - Глубокое гимназия мектебінің музыка мұғалімі (келісім бойынша)

15. Дружинина Любовь Васильевна - Белоусовка к. әкімінің орынбасары

16. Кукченко Валентина Михайловна - Вернеберезовка к. әкімі

17. Киселева Людмила Григорьевна - аудандық ардагерлер Кеңесінің төрайымы (келісім бойынша)

18. Строкова Надежда Ивановна - Жеке кәсіпкер (келісім бойынша)

Отбасы және әйелдер істері жөніндегі комиссия туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ереже

1. Аудандық әйелдерісі жөніндегі (бұдан былай Комиссия) комиссия консультативтік - кеңесші орган болып табылады,

2. Комиссия қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдары, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілері, Қазақстан Республикасының езге де нормативтік - құқықтық актілері, Шығыс Қазақстан облысының әкімі және әкімдігінің актілері, Глубокое ауданының әкімі әкімдігінің актілері облыстық әйелдер және отбасы ісі жөніндегі комиссияның ұсыныстары мен кепілдемелері, сондай - ақ осы Ереже құрайды.

2. Комиссияның негізгі міндеттері

3. Комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы әйелдер және отбасы істері жөніндегі ұлттық комиссия туралы анықтаған басымдықтар мен ұсынымдарға сәйкес кешенді аумақтық отбасы, әйелдер мен балаларға қатысты мәселелер жөнінде бағдарламалар жасау;

2) отбасы, әйелдер мен балалар әлеуметтік - экономикалық, заңдық және психологиялық тұрғыда қолданудың бағдарламасын әзірлеу және жүзеге асыруға қатысу,

3) халықтың өсіп - өну процестері мен денсаулығының жай - күйін, әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау, отбасылардың әлеуметтік - экономикалық тұрмыс жағдайларын сипаттайтын көрсеткіштерге кешкенді талдау жүргізу;

4) отбасы, әйелдер мен балалардың әлеуметтік, саяси және өмірдегі ақиқат жағдайын анықтау мәселелері бойынша ақпараттық базаны қалыптастыруға қатысу;

5) жергілікті өкілетті органдарға және атқару органдарына әйелдер өкілдерінің көбеюіне ықпал ету;

6) шағын және орта бизнесті дамытуға әйелдерді тарту мәселесі бойынша ұсыныстарды өңдеу және қатысу;

7) отбасының, әйелдер мен балалардың жағдайын жақсартуға бағытталған жергілікті өкілетті және атқару органдарының, сондай - ақ қоғамдық бірлестіктердің (келісім бойынша) шешімнің жобалары мен ұсыныстарын қарауға қатысу;

8) көп балалы және тұрмысы төмен отбасыларын әлеуметтік қорғау, мектепте жалпы білім беруді қамтамасыз ету, жетім балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру және тағы басқа отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері жөніндегі әлеуметтік жобаларын жүзеге асыру;

10) ауданда отбасы, әйелдер мен балалар мәселелеріне жағдайының толық объективті ашу мақсатында бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара әрекетте болу;

11) өз құзыреті шегінде барлық мүдделі органдармен ықпалдастық, сондай - ақ отбасы, әйелдер мен балалар жағдайының мәселелері жөнінде аудандық, конференциялар, семинарлар өткізу;

12) төмендегі комиссиялардың балама функциялары бойынша қызметін реттеу және бақылау.

3. Комиссияның екілеттігі

4. Комиссия құзыреті шегіне мыналарға құқылы:

1) өз отырысында аудан әкіміне тікелей бағынатын, есеп беретін мемлекеттік органдардың басшыларын шақыруға және тыңдауға;

2) өз іс- әрекетін жүзеге асыру үшін бекітілген тәртіпте құжаттарды, материалдар мен ақпараты сұратып алуға;

3) тиісті жергілікті мемлекеттік органдар басшыларынан отбасы, әйелдер мен балалар мәселелеріне қатысты заңдарды бұзу фактілері мен реттеулер бойынша қызметтік тексерулер жүргізуді талап етуге;

4) комиссия отырысын дайындауға қатысу үшін бекітілген тәртіпке штаттан тыс беделді сараптамашыларды және қоғамдық кәсіпқой байындалған өкілдерін, аумақтық бағдарламалар дайындауға және тексеруге тарту;

5) төмендегі комиссиялардың балама функциялары бойынша қызметін реттеу және бақылау;

6) басшы қызметтерге әйелдер кандидатураларының ұсынылуына ықпал ету;

7) отбасы, әйелдер мен балалар мәселелері бойынша статистикалық, талдау, әдістемелік және өзге де ақпараттық материалдарды, өзге де жергілікті мемлекеттік органдардың ұсыныстарын, қоғамдық бірлестіктерге және өзге де ұйымдарға жолдауға;

8) бұқаралық ақпарат хабарламаларын, азаматтардан қарауға түскен хабарламалардың қорытындысы бойынша комиссия материалдарын қатысты органдарға қайта немесе лауазымдық тұлғалар түп негізінде шешім қабылдауға хақылы.

4. Комиссияның жұмысын ұйымдастыру

5. Комиссия өз қызметін аудан әкімдігімен бекітілген Ережесінің негізінде жүзеге асырады.

6. Комиссияны төраға басқарады, ереже бойынша аудан әкімі орынбасарларының бірі, төрағаның орынбасары болуы керек.

7. Комиссияның құрамына жергілікті мемлекеттік органдардың және басқа да өкілдері кіреді, аудандық мәслихат бекіткен және комиссия төрағасының ұсынысы бойынша комиссияның сандық және жеке құрамын аудандық әкімдік белгілейді.

8. Комиссия отырыстары қажеттігіне қарай, бірақ тоқсанына бір мәртеден сиретілмей өткізіледі.

9. Комиссия отырысына қатысқан Комиссия мүшелері санының жай көпшілік дауысымен шешімдер қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда төрағалық етушінің дауысы шешуші болып табылады. Егер Комиссия мүшелерінің жалпы санының кемінде $\frac{2}{3}$ бөлігі қатысса комиссия отырыстары қуқылы болып саналады, Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді.

10. Комиссия төрағасы:

1) комиссияның қызметін ұйымдастыруды және оған басшылықты жүзеге асырады;

2) комиссия отырысының күн тәртібін айқындайды;

3) комиссия отырыстарын шақырады және олар да төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмаған жағдайда, оның төрағасы орынбасары немесе мүшелерінің бірі төрағалық етеді;

4) комиссия мүшелерінің ішінен Комиссия отырыстарында қаралатын нақты маселе бойынша баяндамашыны айқындайды;

5) тоқсан сайын аудан әкіміне комиссия жұмысының қорытындысы туралы есеп береді;

6) басқа да екілеттіктерді жүзеге асырады.

Глубокое ауданы әкімі аппаратының басшысы

А. Баймульдинов